

ҰЛЫ АБАЙЫН ҰЛЫҚТАҒАН ЖАС ӨРЕН

Абай – әлемдік тұлға. Ақын өзінің халқының мұң-мұқтажын, қоғамдық-философиялық ойларын, мәдениеті мен әдебиеттегі көркемдік ізденістерін жаңа бір сатыға көтергені барлығымызға белгілі.

Бүгінгі таңда сол Хәкім Абай атамызға 176 жыл толып отыр. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 2020 жылы бас ақынның мерейтойын республикалық және халықаралық деңгейде атап өту туралы шешім шығарған болатын. Мұның, әрине, «Той тойлау емес, ой ойлау үшін қажет» шара екенін де осы орайда баса көрсетіп айта кеткен жөн. Себебі ақынды еске алғанда міндетті түрде осы уақытқа дейін жеткеніміз бен жетер биігімізді сарапқа салып, талқылап алу біз үшін шарт. Қазақ халқының төл әдебиетін жаңа бір сатыға көтеріп, халықаралық дәрежеде танытқан Абай атамыздың шығармалары ешқашан өз қадір-қасиетін жоймақ емес. Бүгінгі күнге дейін тек біздің халқымыз ғана емес, көршілес елдер мен әлем халықтары да Ұлы ақынның шығармаларымен танысып, сусындап Абайдың атын жаңаша асқақтатып, өз халқының мәртебесі мен мерейін асырып келе жатқанын мақтаншыпен айта аламыз. Тарихқа бір сәт көз жүгіртсек, қазақ халқы небір аумалы-төкпелі заманды бастан өткізсе де Абай шығармаларымен рухани баюын тоқтатқан жоқ. Алмағайып замандарда жанымыз көкпарға түсіп, тіліміз бен дініміздің тамыры біржолата жұлынып кетер шақта да Абай тәлімі мен тағылымы арқылы бағытымызды айқындай алдық. Абайдың өмір сүрген заманынан бері халқымыздың Абайсыз өмір сүрген

кезі жоқ. Сол себепті дана Абай, Хәкім Абай өз халқы үшін ешқашан өлмек емес.

Абай армандаған «Толық адам»

Абай кемеңгерліктің кескін-келбетін «Адам болам десеңіз...» деп бастайды. Ғұмырдария ғұламасын таныту, оның жүрегіне терең бойлау қазақ баласы үшін, рухани тәрбиеге сусындаудың негізгі жолы. Ал ақынның «Толық адам» концепциясы ше? Қазіргі қоғамның... Жо-жоқ қоғамды былай қоя тұралық, қазіргі жастардың бойынан бұл қасиеттер табыла алады ма? Абай адамдықтың бірден-бір биік деңгейін иманмен өлшейді. Бұған «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп кесіп айтқан сөз дәлел. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986 ж.) өлеңінен бастау алады. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол

Адам болам десеңіз.

Тілеуің, өмірің алдыңда,

Оған қайғы жесеңіз.

Өсек, өтірік, мақтаншақ,

Еріншек, бекер мал шашпақ

– Бес дұшпаның білсеңіз.

Талап, еңбек, терең ой,

Қанағат, рақым, ойлап қой

– Бес асыл іс, көнсеңіз.

Өлең жолдарында жаман мен жақсы қасиеттердің аражігін ашып көрсетіп, таразыға салып, талдап, саралап жазған. Аталған қасиеттердің қазіргі жас буынның бойынан іздеп, өзімізше талдау жасап көрелік. Абай айтқан бес дұшпанымыз бүгінгі күні үлкен проблемалардың бірі болып тұрғаны жасырын емес. Оның ішінде жағдайы жетсін-жетпесін мақтанатын, бекер мал шашатын жандар баршылық. Кейбір жандар бар өсек пен өтірікті туғалы жанына медеу еткен. Ол жандардың «өтіріктен» құралған өмірі ұзаққа бармасы хақ. Бірақ барлығына бірдей топырақ шашудан аулақпыз. Жастар арасында талапты, еңбекқор жастар өте көп. Абай атамыз армандап кеткендей қандай салада да еліміздің атын шығаратын жас ұрпақ өсіп келе жатқанына қарап көзайым боламыз кейде.

Тарау тарихтың қадау-қадау қойнауының киелі дүниесі – Абай ғұмыры. Абайдың бар заңғар ілімі бүгінгі күнге ғана емес, күллі адамзатқа да қажет. Себебі ақын өзі айтқандай «Егер адаспай тұра жол іздеген хәкімдер болмаса, дүние ойран болар еді» деген түп төркін осында. Сіз бен біз сөз етіп отырған Абай жастардың көзімен дарқан дала қанына сіңген рухани асқары аласармайтын жастың бүгінге тән қос қанаты іспеттес еңбек пен ізденістің арқасында ғана сөнбес сәуле келбетін көреміз.

Юшков Александр.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің физика-математика ғылымдарының докторы Шахантаева Айдана, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің магистранты

ҚАЗҰУ – ЖЕТІСТІКТЕР МЕКЕНІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – білім мен ғылымның ірі орталығы, жоғары білім беруде көш бастайтын оқу орны. Еліміздің білім деңгейі, ғылым саласы, қоғамдық өміріне елеулі үлес қосқан, көпжылдық тарихы бар қара шаңырақ.

Қазіргі таңда университетте 17 факультет жастарға білім беруде. Факультеттердің барлығы білім беруде заманауи технологиялар, қазіргі заманғы жоғары жетістіктерді, білім берудің озық үлгісін, жастарды ғылымға ынталандырудың жаңа мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қарқынды жұмыс атқаруда. Студенттердің білім мен ғылымға құштарлығы мен талпынысын арттырып, оларға бағыт-бағдар беру мақсатында жоғары дәрежелі оқытушы-профессорлар құрамы қызмет етуде. Оқу орнында білім алам деуші жастарға барлық жағдай жасалған.

Өткен жылы Қазақ Ұлттық университеті дамушы Еуропа мен Орталық Азиядағы ТОП-20 үздік жоғары оқу орындарының қатарына енген болатын. Британдық QS EESA агенттігінің рейтингі дамушы Еуропа мен Орталық Азиядағы жетекші жоғары оқу орындары туралы ақпаратты қамтиды. Үздік жүздікке 7 отандық университет кірді.

ҚазҰУ 2020 жылмен салыстырғанда үш позицияға көтеріліп, рейтингте Стамбул Техникалық университеті мен Вильнюс университеті сияқты шетелдік университеттерді басып озып, 16-орынға тұрақталды.

Сонымен қатар 2021 жылы Қазақ Ұлттық университеті QS WUR рейтингінде ТОП-200 үздікке еніп, әлемнің ең үздік университеттері арасында көшбасшылық орнын тағы да көрсетті. Посткеңестік кеңістікте бұл топқа екі ғана университет кіреді. Олар М.В.Ломоносов атындағы ММУ (78-орын) және Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (175-орын).

ҚазҰУ – әлемдегі ең үздік 200 университеттің қатарына енген және халықаралық академиялық сарапшылар да, отандық жұмыс берушілер де жоғары бағалаған алғашқы қазақстандық университет. Мұндай жетістіктер болашаққа оптимистік көзқараспен қарап, биік мақсаттарға ұмтылуға мүмкіндік береді.

Оқу орнында студент жастарды тек қана білім алумен ғана шектеліп қалмай, оларды жан-жақты тәрбиелеп, қоғамдық іс-шараларға қатыстырып, тұлға ретінде қалыптастыру мақсатында университет қабырғасында әртүрлі шаралар, инновациялық әлеуметтік-тәрбиелік жобалар ұйымдастырылады және қоғамдық ұйымдар құрылған. Сонымен қатар студент жастардың ғылым мен білімге деген құштарлығын арттыру мақсатында жыл сайын «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференциясы ұйымдастырылады.

Қазақ Ұлттық университетінің әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының арасынан орын алуы – бұл университеттің еліміздегі жоғары дәрежелі білім беретін ең үздік оқу орны екендігінің дәлелі.

Сондықтан мектеппен қоштасып, жаңа өмірге қадам басқалы отырған жастар үздік оқытушылардан білім алып, жоғары дәрежелі маман боламын десе және студенттік өмірлерінің қызықты сәттер мен ұмытылмас шақтарға толы болғанын қаласа, үлкен мүмкіндіктерге қол жеткізгісі келсе, ол үшін бірден-бір білім ордасы – ҚазҰУ. Бұл оқу орнын бітірген жас маманның өз ісінің нағыз білгірі болып қалыптасатыны сөзсіз.

В.А.Юшков.

ҚазҰУ профессоры, ф.-м. ғ.д.

А.С.Тлемисова.

ҚазҰУ физика-техникалық факультетінің магистранты

БІЗДІҢ ЖАСТАР НЕМЕСЕ БІЛІМДІНІҢ КҮНІ ЖАРЫҚ

Қазір білімділердің заманы. Оны әлеуметтік желіден де, адамдардан да, жалпы қоғамнан байқаудамыз. Енді осы жерде, білім алу керек екен деп, ана-ны-мынаны оқуға да болмайды. Жүйелі білім ала білу қажет. Осы бағытта, мен қара шаңырақ ҚазҰУ-ды таңдағаным еш өкінбеймін.

Еліміздегі үздік университеттердің бірі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-не жыл сайын Қазақстанның түкпір-түкпірінен мыңдаған түлектер тапсырады. Бірақ оған: білім деңгейі жоғары, шығармашылық қабілеті дамыған, талпынысы, ізденісі жоғары, бәсекеге қабілетті жастар ғана түсу мүмкіндігіне ие болады. Ол өз кезегінде бітіруші түлектердің жұмыс берушілер, ірі компаниялар арасында сұранысқа ие болуымен тікелей байланысты.

Қазіргі жаһандану заманында университеттер интеграцияға бейім болып келеді. Осыған орай студенттер мен магистрант, докторанттар арасында халықаралық академиялық мобильдік қатынастар қарастырылған. Ол дегеніміз студенттеріміз тәжірибе алмасу, білім жинақтау мақсатында шетелге барып, білім алуға мүмкіндігі бар. Бұл білім ордасын көптеген студенттердің таңдауының келесі бір факторы: озық ғылыми кітапхананың орналасуы. Жас ізденімпаз барлық қажет ақпаратты орталықтандырылған кітапханадан таба алады. Қажет оқулықтың бар-жоғын білу үшін электронды кітапханаға кіріп, тапсырыс берсе болғаны, сол оқулық бөлімшелерге келіп түседі. Келесі артықшылығы кітапханада интернет желісі орнатылған, демек, ақпараттар оқулықтар мен шектеліп қоймай, шетелдік журнал-газет басылымдарын қолдануға мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дегі оқу ерекшелігі: кең ауқымды ғылыми база, жоғары білікті оқытушы құрамы, ғылым мен біліммен айналысуға арналған жоғары мүмкіндік жасалу және жастар үшін тартымды жағы: белсенді де қызықты студенттік өмір. Жастардың белсенді студенттік өмірі мөңді де, әмбебап. Олар түрлі университет, факультет деңгейіндегі жоспарлар мен бағдарламалар негізінде жүзеге асып отырады. Студенттердің уақытын шығармашылыққа бағыттауы көзқарастарын, өз ой-пікірлерін қалыптастырады. Қазіргі күні университет қабырғасында көптеген студенттердің өзін-өзі басқаратын ұйымдар тіркелген. Оған кез келген студент өзінің көшбасшылық қабілетін көрсете отырып мүше бола алады. Бұл ұйымдар негізінде жастар біліммен қатар, шығармашылық пен ұйымдастырушылық, ортамен, қоғаммен қарым-қатынас орнатуға үйренеді, көптеген достарға кезігеді.

Бүгінгі күні ҚазҰУ еліміздің ғана емес, Орталық Азия аймағындағы халықаралық деңгейдегі білім беру ордасы болып отыр. Әлемдік білім жүйесінде де өз ұстанымы бар білім ордасы ретінде дамып келеді. Университет қабырғасында ғылыми ізденіске бағытталған жастардың ойлау қабілетін дамытуға, ақпарат пен білім алуына, студенттердің өзін кемелдендіруіне қажетті жағдай мен жеке қасиеттерін қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Сол себептен де болар Білім сапасын қамсыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі жүргізген ЖОО-ның ұлттық рейтингінде жыл сайын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бірінші орынды иеленуде. Бұл университеттің ғылым саласындағы көшбасшы позициясын айқындайды. Сол үшін де, жүйелі білім алу барысында ҚазҰУ-ды таңдай алудың өзі, бір өсудің белгісі секілді.

Оралбекова А., Нұрақ С., Жанатаев Д.Ж.